

МӘЛІК АҒА ҒАБДУЛЛИН

Атақты Мәлік ағаның есім-сойымен қаршадай кезімнен таныс екем. «Менің майдандас достарым» – жеңіл-желпі әскери суретті, қоңыр-сары, жұқалтаң мұқабасы бар, шынтақ елі кітап. Әлде жеті, әлде сегіз жасымда, ең алғаш оқыған көркем шығармалардың бірі. Сол кездегі қызғылықты кинолардай емес, кешегі қырғын соғыс мұнда басқаша көрінген. Әрине, совет әскерінің ерлігі ерекше, әйткенмен, ақылсыз, дәрменсіз жауды жапыра жайпап жатқан жоқ. Ең бастысы – бар баяны табиғи еді. Оның ішінде, шағын бір әңгімесі есте қалыпты. Шабуыл, әлде қорғаныс кезінде біздің жақтың телефон байланысын немістер қатаң қадағалап отырады, аттап бастырмайды, міне, осы кезде, екі тараптағы екі қазақ жау жағы жақсы білетін орыс тілінде емес, өздерінің ана тілінде сөйлесіп, іргелес бөлімшелер арасында тығыз байланыс орнатады, ақыры, майданның осы тұсындағы жеңіске жол ашады. Бұдан соңғы заманда Мәлік Ғабдуллиннің қандай да бір кітабы ұшыраспады. Әйткенмен, аты дабылдап тұр. Әрқилы суреттері арқылы жүзі де жақсы таныс.

Студент кезімде әлдеқалай көрген, көрмегенім есімде жоқ. Тек бір күні Әбіш екеуіміздің ең жақын досымыз Тұрғанбай Ділдібеков: «Орталық кітапханадан шығып келе жатқанда, ҚазПИ-дің тұсында Бауыржан Момышұлы мен Мәлік Ғабдуллиннің бірге тұрғанын көрдім», – деп еді. Әрине, оқиға. Бұдан біраз бұрын университеттің акт залында, елге біржола оралған Баукеңмен үлкен кездесу болған, ал Мәлік батыр бұл кезде Педагогтық институттың ректоры, тәрізі, майдандас үлкен аға әлдебір жағдаймен інісіне барып шыққан. Кейінгі жастар арасында екеуінің де бедел-абыройы зор еді. Сондықтан да атаулы әңгіме.

Мәлік ағамен өзімнің бетпе-бет, алғаш ұшырасуым – аспирантураның соңғы жылы, соңғы айында. Менің Қазақ хандығы дәуіріндегі ұлттық әдебиет тарихын қалыптаған, саясат жөнімен «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» деп аталған диссертациялық еңбегім тәмам болған, жекелеген үзіктері баспасөзде шығып жатыр, монография сыпатты, мұқият түптелген үш жүз жетпіс беттік қолжазбаны университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының ғалым-оытушылары түгелдей қолдан өткерген, енді ресми талқыға түсуге тиіс. Алдағы дүйсенбіде. Бейсекеңмен көрісу үшін кафедраға барған едім.

Бірден секем алып, жайсыз күйге түстім. Кафедрада, Бейсекеңмен күле кеңесіп, Мәлік Ғабдуллин отыр екен. Аты аңызға айналған адам. Совет Одағының Батыры. Ғылым докторы. Профессор. Одақтық Педагогтық ғылымдар академиясының академигі. Бірақ мен білетін жалғыз-ақ кінәрат сол атақ-абыройдың бәрін жуып кеткендей. Бұл ағамыз 1950-1953 жылғы, ең соңғы науқан кезінде біраз белсенділік танытқан. Ескі мұраны сыпыра сойып шыққан. Әуезовке соқтыққан. Өзі мансұқ еткен сол фольклордан кейін докторлық қорғады. Әуезовке баспасөз бетінде арнайы мақала хат жазып, кешірім сұрады. Мұхаң жібіпті,

қауқалақтап, қайыра хат жазып, риясыз қауышқан. Бірақ біз жібімеген едік. Университетті бітірерде диплом жұмысында, одан соң, осы негіздегі, шектеулі болса да, жария аты бар ғылыми жинақтағы мақалада Мәлік Ғабдуллиннің науқан кезіндегі баяндама, сөздерін тұрпайы социология үлгісі ретінде, қайталанбас қателік ретінде сынап, іліп-шалып кетіппіз. Енді, бетпе-бет отырғанда қарасам, менің елесімдегі солақай белсендіге ұқсамайды, ажары ашық, жүзі мейірлі, тіпті, өте кең кісі сияқты. Мәлік ағамыз шынында да сондай адам екенін, ал анау бір оғаш іс айдаумен, айтақпен ұрынған күнә екенін, оған өзінің де өкінішпен қиналатынын кейін білдім. Ал дәл сол сәтте алдымнан шыққанына тіксініп қалып едім. Бейсекең менің жайымды, елеулі еңбек жазып бітіргенімді, ертең, жоқ, арғы күні, дүйсенбі, сағат он бірде кафедрада талқыланбағын айтқанда, батыр ағам, үлкен кісі, “Е, жөн-ақ, қайырлы болсын!” – деп қопандап қалды. Бейсекем: “Мәлік ағаң жұмысыңды бер”, – дегенде жүрегім зырк ете түсті. Мен анырып, бөгеліп қалғанда, көлденең қонаққа таңырқап тұр деп ойласа керек, “Мәлік ағаң бізде жарты ставкаға кірді, енді университетте лекция оқиды”, – деді Бейсекең. Менің тартынып тұрғаным – көлденең көзге түспей, саяси айыпқа ұрынбай, жаңбыр-жаңбырдың арасымен өтіп кетсем деймін, Мәлік Ғабдуллин қатал талап қояды, артық жүк артады деп қорқып тұрғам жоқ, қолына түссем, әлдебір жерден ши шығара ма деп қауіптеніп тұрмын, бірақ амал не; жұмыс жұртқа тарап кеткен, өзімде жоқ деп өтірік айта алмадым, портфелімнен әрең суырып, батыр ағамның қолына ұстаттым. Көңілім жарықшақтанып, үйге жабырқау келдім, бар үміт – үлкен адам, уақыты болмас, менің жұмысымды бірер кеште оқып тастауға мұршасы жетпес, мүмкін, орнықтаған, жаңа кісі, міндетті емес, кафедра мәжілісіне келмей қалар деген алданыш еді.

Ертең өтіп, арғы күні, мені талқылайтын кафедра кеңесіне Мәлік ағам елдің алдымен келді.

Қазақ университеті, қазақ әдебиеті кафедрасында 1965 жыл, 11 октябрь күні өткерілген ғаламат талқы жайын мемуарлық «Мен» роман-диалогиясының «Қия жолдар» аталған екінші кітабында бажайлап жазғам. Қаламгерлік, зерттеушілік ұзақ ғұмырымдағы ең үлкен және болашағымды айқындаған шешуші майдан болды деп түйіндеген екем. Бұрнада айтқанымдай, жасөспірім студент ретінде бес жыл, бала жігіт аспирант ретінде үш жыл – аз-кем емес, өмірдің бастапқы кезеңі, тура сегіз жыл бойы алдарында жүрген, ешқашан ешқандай жарамсыз мінезім байқалмаған, тек қана жақсы жағымнан білуге тиіс ұстаз ағаларым – қазіргі және көп ұзамай профессор, академик, доктор, доцент: Зейнолла Қабдолов, Ханғали Сүйіншәлиев, Есмағамбет Исмайылов, Белгібай Шалабаев, Сұлтанғали Садырбаев – бірі тікелей сөйлеп, енді бірі белсенбесе де, алдыңғыларды қостап, бәр-бәрі, түп көтеріле қарсы шықты. Күтпеген және таң қалалрлық жағдай. Кейінірек нақты себебін тауып едім. Менің көлемді, дәйекті және ой-толғамы мүлде тосын диссертациялық монографиям бүкілқазақтық қаншама жаңалығымен қатар, бұған дейін қалыптасқан әдебиет тарихы туралы түсінікті мүлде

теріс аударып, жаңа бір, соны, өзгеше өріске бастап отыр. Бірден қабылдау, түбегейлі түсініп, тиесілі қорытынды жасау – мүмкін еместей. Оның үстіне нақты айтқаным бар, жер астынан жік шыққан ұлылық – замандастары мен тұғыластары тарабынан қашанда ыза мен ашу туғызбақ, көреалмастық емес – өшпенділік, жай ғана мойындамау емес – мүлде теріске шығарған тасырлық. Бұрнада аты-жөніне дейін ұмытылған Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Үмбетей, Ақтамберді жыраулардың ғажайып толғауларының айрықша көркемдігін, тарихи мән-мағнасын танымау тұрыпты, қайткенде де кандидаттық диссертация талабына жарайтын еңбекті жарға жығуға ұмтылыс – басқаша шешім, түйінге жол қалдырмайды. Түсініс қана емес, аяушылық та жоқ, өзгеше ахуал. (Кейінде түйгенім – осы ағайындардың бірі менің тұтас еңбегім, бар жаңалығымды өз атына аударып алмақ екен...)

Сөйтіп мен аз-маз ызалансам да, жүрегім тітірмей, берік жүйке, салқын ақылмен қарсы жауап – жанкешті ұрысқа шешініп отырған кезімде Мәлік Ғабдуллин сөзге кірісті. Мен бұл кісіден де ешқандай жақсылық күтпеп едім. Бірақ бәрі... керісінше шыққан.

Мәлік Ғабдуллин... Мәлік аға байыппен орнынан тұрды. Алдында жатқан, түптелген, қалың қолжазба кітабымды алақанымен басты. “Жұмыс мынау. Бажайлап, бастан-аяқ, түгел оқып шықтым. Бір түнде бітірдім, бас көтермей оқыдым. Осы кеше ғана”, – деді. Әлденендей жазу жазылған, шетінен қыстырғышпен бекітілген екі парақ ақ қағазды жоғары көтерді. “Мынау – менің түйінді пікірім емес, алдынала жасаған ескертпелерім. Екі бет, жиырма... жиырма тоғыз ескертпе. Мұның бәрі мін емес, сын, ойласу. Көбін түзетеді, байқалмай қалған әріп қателері. Оған дауласпас. Одан ары... кейбір ой, пікір, түйіндерге байланысты. Бұл – менің пікірім, менің білгенім. Дұрыс дегенім. Осыдан бастайтын едім, осы арада біразын оқып бермек едім, енді өйтпеймін, аспиранттың өз қолына берем. Міне, ала ғой... Үйіңе барған соң оқып танысасың. Үй бар ма еді? Жоқ шығар әзір. Үй дегенде, қазыналық пәтер. Келіншек бар ғой. Бар ма? Жөн. Сол келіннің қасына барған соң, шай ішіп отырып, жақсылап танысып шық. Қабылдасаң – өзің білесің. Онда сенікі дұрыс болғаны. Сен арнайы зерттедің ғой. Біз дайын нәрсені сыртынан ғана қарадық. Мәлік ағам айтты екен деп, менің көңіліме қарама. Қалай сенсең, солай жаса. Ал енді, бүгінгі әңгімеміздің жайына көшейік...” Мәлік аға жазыла сөйлеп кетті.

Өмірде көрген жақсылықты жаман адам ұмытады. Ал сол өмірде естіген жақсы сөзді жақсы адамның өзі ұмытуы мүмкін. Мен ұмытқам жоқ. Әуелгі, әділетсіз әрі ащы ғана емес, зәрлі, жалалы сөздердің бәрі бірдей нақпа-нақ есте қалмапты, бірақ сұлбасы анық, ызғары мен ызбары көңілден өшпек емес. Міне, дәл осы сәтте, тайталаста талыққан әскерге көлденеңнен құйылған тың жасақ тәрізді, Мәлік ағамның суырылып шығып, таразы басын төңкергені қалай ұмытылар. Қуанышқа кенелдім, деді Мәлік аға. Осындай ұлы мұраның сақталғанына, барлығына. Осындай дарынды жас аспиранттың осы ұлы мұраны жинақтап, зерттеп, осындай тамаша еңбек жазып шыққанына. Бұл – сөз жоқ, әдебиет

тарихындағы елеулі құбылыс, деді. Сонымен қатар, сіздер айтып жатырсыздар, мен де айттым, ана қағазда, кемшіліксіз жұмыс болмайды, мына Мұханда да (солай, “Мұхан” деді) бар, түзесін, ойлансын, бәрін бірдей қабылдас, өзінің де ойы бар жігіт, мүмкін біздікі қате шығар, қайткенде де талапты жігіттің алдынан керме құруға болмайды. Қорғауға жіберейік. Осында ешкім де жұмыс жаман деген жоқ, қорғауға бармасын деген жоқ, бәріңіз де көтеріп мақтадыңыз... ал әлгіндей... бір... жастықтан, андаусыздан кеткен кінәраттар болса, оны тағы да ойлансын; мен өзім бір кезде бұл тарапта белсенді болған адаммын, білесіздер, Мұханның – үлкен Мұханның алдынан қайыра өтіп, кінәмді жудым деп жүрмін, бас жағына бармайық, мен мұқият оқыдым, ондай, әлденеге қайшы келетін ештеңе көргем жоқ... Байыпты, алды-артын түгел ойлап жазған... Қорғасын. Жұмысты осы қалпында қорғауға жіберуге әбден болады, деп түйіндеді Мәлік аға.

Көмек осылай, күтпеген жерден келді. Мәлік ағамды періште жетелеп университетке әкелген, дәл сол сәтінде бір жақтан мені де жеткізген, қисынсыздан табыстырған. Қолына менің қатер аузында тұрған еңбегімді ұстатқан, енді, алмағайып айқас үстінде аруақтың аманатын орындап тұр. Егер Мәлік аға қапиядан қосылмаса, дәл сол күні мені жалғыз Бейсекең сүйреп өткізе алмайтын еді. Енді, Мәлік ағаның сөзінен соң, басқа бір тұрғыдан қарағанда, жұрттың бәрі сын ескертпелер айтты, бұл заңды, бірақ жұмыс жарамсыз деген ешкім жоқ, мәжіліс төрағасы қазанның құлағын қайдан шығарса да еркі. Мұның бәрі кейінгі пайым. Мәлік ағамның мені оттан алып шыққанын, әрине, білдім. Бірақ бүгін қалай өтсем де, жуық арада қорғай алмасымды айқын сезінген едім. Сезінгем жоқ, көзбен көріп отырмын. Мына кісілер – түгелімен Ғылыми кеңес мүшелері. Ертең дауыс беретін осылар. Тақырыбым әуелден даулы. Сыртта қаншама дүлей қара күш бар. Сонда... мені демеуге, қолдауға тиіс, туған ағаларым осылай, қасарыса тістеніп отырғанда, Ғылыми кеңестің қалған мүшелері – факультеттің басқа кафедраларынан келген көлденең жұрт, сырттан келмек бөтен жұрт не айтпак. Қайткенде де, дәл қазіргі сәтте менің алдыма керме құрылған жоқ, ор қазылды, еңбекті ресми қорғау мәселесі белгісіз уақытқа кері шегерілгені анық еді.

Мәңгілік Көк Тәңірі, ежелгі Түрік, кейінгі Қазақ рухы, ата-бабаларымның Аруағы менің бар ісімді жіті қадағалап отыр екен. Әуелгі, күтпеген, көлденең демесіннен соң, арада үш күн өтпей, қиянда тұрған Ғабит аға Мүсіреповтың көзіне шалыныппын. 14 ноябрь күні, Қазақ теледидарында ілкіде жоспарланған, ескілікті ұлтық мұраға байланысты, кең көлемді хабарға қатысқан едім. Бұрнағы ұлы жыраулар жөнінде тура он бес минут толғадым. Өз пайымым, тарихи деректер, ең бастысы – Қазтуған мен Шалкиіз, Доспамбет пен Марғасқа, Үмбетей мен Ақтамберді жырларынан ғажайып үзіктер. Кездейсоқта Ғабит аға Мүсірепов көріпті, қайран қалып, мейірлене тыңдапты. Тезінен сұрастырып, белгісіз аспирантты іздеп тауып, алдына келтіріп алқап, арада апта өтпей, «Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөліміне меңгеруші қылып орналастырды. Айдынды болашаққа ұласар үлкен жолдың басы.

Енді, арқаңда Алаштың мың жылдық Аруағы тұрса, алдында қазақтың бүгінгі сөзін ұстаған атпал ағаларың тұрса, неден тайынасың, неден тартынасың...

Қазір ойлап отырсам, өзіме сенгенім сондай, бар жұмысым байыпқа түсіпті. Қорғау жайын алты айға шегере тұрмақ болдым. Мына, теріліп жатқан мақалалар жарыққа жетсін. Тағы бір мақалалар шықсын. Әзірше, тұтас кітаптың сәті келмеген күннің өзінде, зерттеу еңбегім жекелеген мақалалар түрінде, түгелімен басылып шығуға тиіс еді. Сонда, біріншіден, мен жасаған еңбек өз атыма бекиді, ешкім ұрлап-жырлап әкете алмайды, алса, көрініп тұрады, яғни, қайткенде де сөзім өзімдікі, малым түгел; екіншіден, осыншама мақала жариялап, жалпы жұртқа танылған соң, еңбегімнің өзгеше бағасы айқындалған соң, мені ешкім де тоқтата алмайды, қиындықпен болса да, абыроймен қорғап шығам. Осы екі байып та түбінде ақиқат шындыққа айналған, бірақ ғылыми дәреже мінберіне көтерілетін күнді мен өзім ойлағандай алты ай емес, одан үш есе артық – бір жарым жыл күтуге тура келген.

Бұл екі аралықта, әрине, ортағасырлық қазақ поэзиясына тікелей қатысты мақалалар әр тарапта жарияланып жатты, ескілікті заманның ұлы жыраулары – Қазтуған мен Шалкиіз, Марғасқа мен Үмбетейдің, кейінгі Шал ақынның толғау жырлары да баспасөзге өтіп, жалпыға кеңінен танылды. Менің өзім тек әдебиет тарихшысы ғана емес, қазіргі әдебиеттің танымал сыншысына айналдым. Әлбетте, диссертация қорғау алдындағы дайындық жұмыстары және жүріп жатыр. Рәсім бойынша, «жетекші мекеме» деген болады, шындығында жетекші емес, сарапшы. Қорғау алдындағы міндетті бір талқы. Сыртта өтуге тиіс. Бейсекем Ғылыми кеңестің шешімі бойынша деп, менің диссертациямды Мәлік Ғабдуллинге жолдады. Ғылым академиясы Әдебиет институтының фольклор және қолжазбалар мен текстология – екі бөлімінің Мәлік аға басқарып өткерген талқылы жиыны мені жай ғана талапкер емес, болып тұрған үлкен ғалым деп бағалаған еді.

Сол беті ресми қорғауға жеттік. 1967, бар жаңаның басы наурыз. Бұрнада кемі екі-үш рет бажайлап айтқанымдай, бірінші, ресми оппонент – академик Әлкей Марғұлан, екінші оппонент – бұл кезде ғылым кандидаты Рахманқұл Бердібаев. Қорғау рәсімі кезінде Мәлік аға ғылыми жетекшім Бейсенбай Кенжебаев – Бейсекеме жалғас екінші әкем іспетті, мейірленіп отырған еді, әлдеқалай дау-дамай туа қалса, қолма-қол сүйемелдеп шықпақ, бірақ ондай кілтипан болмады, сондықтан, сыртқы, жауапты пікір иесі ретінде түскен қағазы бар, онсыз да жақтап сөйлеушілер жеткілікті, талқыға араласпаған.

Келесі жылы «Жазушы» баспасынан шыққан атаулы кітабымды арнап сыйлаған едім. Мәлік аға әр жерде мадақтап, айтып жүріпті, университетте әредік лекция оқығанда, студенттер қауымына негізгі тұрғыларын таныстырып, кітапханадан тауып алып, міндетті түрде оқуға кеңес береді екен. Баяғыда өзі демеп көтерген қолжазба еңбектің енді ғылыми аппараты жеңілдеп, баспадан өткен нұсқасы – «Қобыз сарыны» ғой.

1970 жылдың ақырына таман «Алдаспанның» айқайы шықты. Мәлік аға бұл ретте де сұраусыз, өз тарабынан араласып, дау-дамайды мүлде ушықтырмай, оңынан шешуге шақырады, арнайы пікір жазып, Баспаком төрағасы Мұхаметқали Сужиковтың қабылдауына барыпты. Міне, сондағы, бір данасын маған әкеліп тастаған қолдау пікірі.

«Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің председатели М.Сужиков жолдасқа!

Құрметті Мұқа!

Мен Сізге «Алдаспан» дейтін жинақ туралы пікірімді айтпақ болып, осы хатымды арнай жазып отырмын. Ойымды алдыңызға жайып салмастан бұрын бір жағдайды есіңізге түсіре кетейін.

Сізге мәлім, 1951–1953 жылдарда Қазақстанда ұлт мәдениетіне, әсіресе көне мәдени мұраға қарсы орынсыз шабуыл жасалды ғой. Бұл шабуылда кейбір солақай сыншылар, ұр да жық тентектер бой көрсеткенін, олар аса-көп зиян келтіргенін білесіз. Сол кезде Қаныш Сәтбаев, Ермұқан Бекмаханов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Қайым Мұхаметханов сияқты ғалымдардың нахақтан жаза көргенін де білесіз.

Бірақ Қазақстан Орталық партия комитеті қазақ халқының ұлт мәдениетін, көне әдеби мұрасын әділ бағалау жөнінде ұр да жық, солақай сыншыларға тойтарыс беруде көп жұмыс жүргізді. Бұл ретте Орталық комитеттің сол кездегі секретары Сіздің де қамқорлық еңбегіңіз айтарлықтай болғанын білеміз.

Халықтың мәдени мұрасын, ертедегі әдебиет үлгілерін сын көзімен қарай отырып, оларды лениндік ілім тұрғысынан, тандап алып баспа жүзіне шығару, зерттеу, сонымен қатар ұлттық нигилизмге жол бермеу – басты міндет екендігін Орталық партия комитеті айқындап көрсеткен болатын. Партияның қамқорлық басшылығын ала отырып, біздің әдебиетшілеріміз соңғы 15 жылдың ішінде қазақ фольклоры мен ертедегі әдебиет үлгілерінен 23 жинақ шығарыпты. (Әр бір жинақтың көлемі 25–40 баспа табақтан). Мұның ішінде батырлар жыры, ертегілер, айтыстар, көне әдебиет үлгілері, т.б. бар.

Мұндай жинақтардың мезгіл-мезгіл шығып тұруы – қуанарлық іс. Өйткені бұл жинақтар, бір жағынан, мәдени мұрамызбен таныстырса, екіншіден, сол мұраны зерттеуге мүмкіндік береді. Осындай жинақтар алдағы күнде де баспа жүзіне шығарыла беруі қажет.

Ендігі сөз «Алдаспан» дейтін жинақ туралы. Бұл жинақ Алматыда газет-журнал сататын кейбір киоскілерге түскен екен, тез тарап кетіпті. Әйтеуір іздеп жүріп, бір данасын тауып алдым. Кітап саудасын басқаратын жолдастардың айтуына қарағанда, «Алдаспанның» кітап дүкеніне түсуіне Баспасөз Комитеті қарсы көрінеді. Неге және себебі қайсы? деген сұрауға жауап ала алмадым. Сондықтан аталған жинақ туралы пікірімді өзіңізге жазып отырмын. (Айтпақшы, бұл жинақ жөнінде профессор Б.Кенжебаев жолдастың мақаласын «Қазақ әдебиеті» газетінің

4 – декабрьде шыққан санынан оқыған боларсыз. Мен де сол пікірді қостаймын). Менің Сізге айтайын дегендерім:

1. «Алдаспан» өте құнды жинақ. Оған енген материалдар қазақтың XV–XVIII ғасырлардағы әдебиеті тарихын білуге, зерттеуге көмекші болатыны сөзсіз.

2. Жинақты құрастыруда жас ғалым, әдебиетші М.Мағауин жолдас аса көп еңбек сіңірген. Оның материалдарды сұрыптауы, жинаққа берген сөзбасы мен түсініктері ойдағыдай болып шыққан.

3. Аталған жинаққа шығармалары енген ақын, жыраулардың творчествосын, жалпы ертедегі қазақ әдебиеті тарихын зерттеу үшін «Алдаспанның» алатын орыны үлкен.

Менің пікірім осындай. Ал Сіз басқарып отырған Комитеттің «Алдаспанды» кітап дүкеніне түсіртпей, оған тоқтау салып қоюы өте түсініксіз. Егер жинақтың хатесі болса, әлде бір пәлесі көрініп тұрса, (мен өзім ондайларын байқай алмадым), онда әдебиетшілер мен ғалымдарды жинап мәжіліс өткізу керек. Мәселені төрт көзіміз түгел отырып шешетін болайық. Сөйткенде ғана ескі мұраны мансұқ ету болмас еді.

Зор құрметпен, академик: Мәлік Ғабдуллин.
7 декабрь 1970ж.»

Бұрнада бір жазғанымыздай, Мәлік ағамен қатарлас, ертелі-кеш хабар жеткен ұлтшыл ғұламалар: ұлы ұстазым, профессор Бейсенбай Кенжебаев, бұрнада демеуші болған академик Әлкей Марғұлан, кейінде жалғасқан, түсіністі сыйлас, қазақ жұртында туып, өскен белгілі шығыстанушы, москвалық профессор Әмір Нәжіп сияқты ерен тұлғалар тарабынан «Алдаспан» антологиясын қорғаған, қоштаған мақала, хат, пікірлер түсіп жатты. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті алдынала өлесі үкімін шығарып қойған мәңгілік мұралар жинағы осыншама айғақтау, қолдау арқасында, баспа директоры, ержүрек Есенберлиннің және құрастырушы автор менің де, бетпе-бет, табанды күресіміз нәтижесінде біржола құрдымға кетпей, алғашқы, 1970 жылғы басылымының көпшілік тиражы пышаққа түссе де, келесі 1971 жылы негізгі тұрғыларымен қайыра жарияланды. Яғни, XV-XVIII ғасырда жасаған ұлы жыраулар мен ақындар мұрасы қазақ әдебиетінің тарихындағы құрметті орындарына біржола бекіді деген сөз.

Бұл кезде Мәлік аға Әдебиет институтының директоры міндетін атқарушы және бұрынғыша, фольклор бөлімінің меңгерушісі. Арнайы бір барғанда, баспадағы жұмысың реттелді, енді бізге келсеңші, деп еді. Ақыры, әлде өзі онша ынталы болмады, әлде жоғарғы жақ мақұл көрмеді, үлкен орынға бекімеді, ғылыми зерттеу институтына Әди Шәріпов келген. Көп ұзамай, 1971 жылдың соңғы тоқсанында, мен де ресми сайлаудан өтіп, осы Академияға ауыстым. Көп жұрт жылдап күтетін, оңайлықпен қол жете бермейтін аға ғылыми қызметкер ретінде, әдебиет тарихы бөліміне. Енді, кешегі Ғылыми кеңесте маған дауыс берушілердің

жетекшісі болған Мәлік ағамен, күнделікті болмаса да, жиі кездесіп тұрдық.

Абылай ханның Қарауыл Қанай биінің тікелей ұрпағы, өзі де қазақы кемеңгер Мәлік ағаның байсал кеңдігіне, сабыры мен парасатына қашанда таң қалар едім. Үнемі бір қалыпты. Үлкенге де кішіге де бірдей. Мейірбан, сыпайы. Қарапайым. Сонымен қатар, жай сөзі, адамдармен әдепкі қатынасының өзінде ірілігі андағайлап тұрар еді. Ғылым қуған үмітті шәкірттерінің бірі, фольклоршы Сейіт Қасқабасовпен жиі қалжыңдасатын. Сол қалжың арқылы көтермелеп отыратын. Басқа жұртқа да жайдары. Ал мені әуелден-ақ үлкен ұлындай көрді десем артық емес. Бағасы мен сенімі, сүйініші мен құрметі айқын танылып тұратын.

Мәлік ағаның бір мінезі – шахмат ойнауды тәуір көреді екен. Түстен кейін, жұмыс соңына таман. Көбіне әзілдей отырып ұтады. Кейде ұтылып та жатады. Ұтса масаттанбай, ұтылса мактаудан тартынбайды. Мұндайда бала болып кететін. Бірде кезекті жеңісінен кейін мені де тақтаға шақырып еді. Бас тарттым. Мен тәуір ойнайтын едім. Мектептің жоғарғы кластарында жүргенде, шахмат теориясымен әуестенгенім бар. Баяғы Стейниц пен Ласкер, Капабланка мен Алехиннен бастап, Ботвинникке дейінгі біраз чемпиондардың жүріс, комбинацияларын талдағам. Енді үлкен ағаны ұту ыңғайсыз болар еді. Мұның бәрі кейінірек. Ал Әдебиет институтына барғаннан соң, арада ай өтпей, Мәлік ағаның сынына қалыппын.

Мен аспирантураның екінші жылынан бастап, мұрт қойғам. Ол заманда, жастар арасында сирек жағдай. Енді, Академияға келер қарсаңда сақал өсіргем. Шағын, шоқша сақал. Мәлік аға бірден-ақ тосын көрсе керек. Алғашқы Ғылыми кеңес, әлде кәсіподақтың жалпы жиналысы үстінде қолыма бір жапырақ қағаз ұстатты. Жаңа ғана жазған өлеңі екен. Менің сақал-мұртым туралы.

«Сақалың мен мұртыңды
Сұлуланып өсірдің,
Әсем, сәнді киініп,
Бәйге атындай көсілдің...» –

деп бастайды. Содан соң:

«Нағыз ғалым осы деп,
«Старшийға» өткіздік,
Міне, нағыз жігіт деп,
Мақсатыңа жеткіздік...»

Желтоқсанның орта шені болатын.

«Енді міне, бауырым,
Алып таста сақалды,
«Өнер – жігіт көркі» деп,

Ескергейсің мақалды.
 Жаңа жылда, Мұхтаржан,
 Шарықта ғылым өріне,
 Еңбегіңмен халқыңа
 Көріне бер, көріне!..»

«Халық ақыны Жартыбайдың шәкірті» деп қол қойыпты. Бұл өлең менің Алматыдағы архивімде қалды. Жас ұлғайғанда бұрнағы зердем жоқ, бірер сөзі шалыс түсуі мүмкін. 70-жылдардың соңында «Жалын» альманағына да басылып еді.

Мәлік аға бұл жолы төтесінен, маған арнаса, осындай әзіл өлеңдер жазып отыру – үйреншікті әдеті екен. Мен, әрине, ғұмыр бойы сақалмен қалмаймын, тек қолма-қол тастауға мұрам келмепті. Көп ұзамай, директордың кабинетіне жалғас кең залдағы, Жаңа жылмен құттықтау жиынынан кейін, жұрт орнынан тұрып, тарап бара жатқанда, Әдекең арнайы сауал салып еді: «Әди, қазір осы арада маған екі мықты жігіт тауып бер. Содан соң, өткір қайшы. Мына Мұхтардың екі қолын ұстап, матап тұрып, сақалын қырқу керек!..» – деп. Әдекең де, естіген тағы біраз адам, жаппай күліп жатыр. «Мәлік аға, дедім. – Үйде қажетті аспабы болмай, кешелі-бүгін қолым тимеп еді, енді жаңа жыл күніне дейін міндетті түрде алып тастаймын...» Сонымен, онсыз да уақытша сақалдың күні бітті. «Міне, келісіп кетті!..» – деген, енді бұрынғыша мұртты, бірақ сақалсыз қалпымды көргенде.

Мәлік аға іш пысатын әрқилы жиналыста баз-базында әзіл, қалжың, эпиграмма өлеңдер жазып отыратын еді дедік. Осы орайдағы, маған қатысты тағы бір өлең.

«Мұхтаржан,
 Сен шынайы ғалым едің,
 Халқыңа еңбегіңмен мәлім едің,
 Келесі бейбенбіде бір хабарды
 Жасар деп,
 Саған қолқа салғым менің
 келіп отыр.
 Жарай ма? Дай келісім...»

Сөздің мәнісі – айына бір, әлде екі рет, бейсенбі күні «Мәлік ағаның бейсенбілігі» атты, бейресми әдеби жиын өтетін. Академия ғалымдары өздері жазған, немесе алда жазылмақ зерттеу тақырыптары туралы тартымды, қызғылықты ақпар жасауға тиіс. Жоспарлы емес, кез келген тараптағы кеңес, әрқилы мәселе; соңынан еркін талқы, пікір алмасу. Осы ретте маған кезек келіпті. Әрине, мақұл дедім. Қандай тақырыпта сөйлегенім есімде жоқ. Тек жыраулар мұрасы емес. Бәлкім, қазіргі қазақ прозасының жай-күйі. Бәлкім, мен көптен қарастырып жүрген «Қазақ алааманының қару-жарағы және оның батырлар жырындағы жаңғырығы» тұрғысында.

Айтқанымдай, Мәлік ағамен күнделікті көрісіп, еркін кеңеспесек те, тура он төрт ай қызметтес болдық. Сол ақырғы, 72-жылдың соңында жұмыстан бірге қайтыппыз. Кейін есептеп шығардым. Кезекті алты апталық демалысымды алып, жазушылардың Москва түбіндегі Переделкино шығармашылық жайына тура қырық күнге бармақ едім. Үш тәулік пойыздан соң, Қазан вокзалына 29 декабрь күні келіп түстім. Мәлік ағамен Академиядан бірге шығуымыз – менің аттанысымнан бір күн бұрын. Яғни, 25 декабрь екен. Дәлізде ұшырасып қалып едік. «Менімен бірге жүр, үйге дейін шығарып сал...» – деген. Тым алыс емес, Карл Маркс – Шевченкодан, ұмытпасам, шамасы Төлебаев – Виноградовқа дейін жаяу жүрдік. Асықпай, саспай. Кейде әңгіме орайына қарай кідірістеп.

Білетін шығарсың, мен баяғы 50-жылдарғы сыпыра соғу науқанында белсенді болғам, деп бастады. Білем, әйткенмен өз аузынан естігенде анырап қалсам керек. Мәлік аға тоқтап, маған қарама қарсы тұрды. Қалай ойласаң да болады, деген. Партияның тапсырмасы. Бағыт-бағдар ғана емес, нақты нұсқау. Мойын бұра алмайсың... Батыр да қорқа ма, батырды да зорлай ма, деп айта алмадым. Мұны да білетін едім. Кейінде қылдан тайып кеткен талай герой бар атағынан айрылып, айдауға түскенін. Мәлік аға мені алға қарай икемдеп, қайтадан баяу жүріп кеттік. Науқанның аты науқан. Нұсқау бойынша, «Қамбардан» басқа қазақ эпосын тулақтай қаға бастадық. Батырлардың өзін ғана емес, ол туралы зерттеу атаулыны. Әлбетте, таяқтың үлкен ұшы Мұхаңа – Мұхтар Әуезовке тиіп жатыр. Сонымен, бар тапсырма орындалды. Ақыры, екі, үш-төрт жылдан соң дүние қайтадан тыншыды. Өзім жер-жебіріне жеткен батырлар жырын қосып, қазақ фольклоры туралы кітап жазып жатырмын. Ғылыми жұртшылық хабардар. Бар кінәмді жуатын сияқтымын. Оның ішінде Мұхаң туралы қаншама ұнамды пікір бар. Әр жерде, әрқилы жиында айтып та жүрмін. Алайда, бұрын, айқайға дейін жүзі жылы Мұхаңның шырайы өзгермеді. Тым қатқыл емес. Тәрбиелі, мәдениетті кісі ғой. Бірақ салқын леп бары анық. Сөйтсем, өзім де ұмытып барады екем, қаперіме түскені, өткендегі батырлар тобынан, жалпы жұрттан бөліп, Мұхаңның өзінен арнайы кешірім сұрауым қажет екен. Ауызша емес, жария, жазба түрде және бүткіл қазақ халқының алдында... Бірақ қалай, қайтіп? Ақыры таптым. Бәлкім, оқыған да шығарсың? Иә, «Қазақ әдебиеті» газеті жаңа шыққан кезде, тоғызыншы класта жүргенде, – дедім. Мәлік ағам риза болып қалды. Міне, сол. Қиуадан тартып, ретін таптым. Ұлы Мұхаңды қазіргі қазақ поэзиясы туралы пікір алысуға шақырамын. Міне, қара. Мен әдебиет сыншысы емеспін. Бірақ басқа түссе баспақшыл, дегендей, Мұхаңды сөйлету керек болды. Менікі ілгішек сылтау. Мақаланың ең ақырында, Мұха, өзіңіз де білесіз, сондай бір кезең болды ғой, сыңаржақ, солақай сынға біз де араластық, асыра сілтедік, оның ішінде сізге сөз келтірген жеріміз де бар, соның бәрін ұғып, біліп, алдыңыздан өтіп, кешірім сұраймын, деп, осы мақаланы жазудағы түпкі мақсатымды білдірген едім... Сол қалпында басылды. 55-жыл, октябрь айының соңы. Газет шықты. Қанағат тапсам да, жайым болмай, берекем қашып, үйде

отырмын. Таңертеңгі шайдан соңғы бірер сағат бір жылдай көрінді. Ақыры, телефон шылдыр еткені. Тарпа басып, алсам... Мұханның өзі. Ой, Мәлік, сенің осындай екеніңді эзелден жақсы білем ғой, бәрі келісті, орнында тұр, тек қазіргі поэзия туралы кейбір ойларыңа дауым бар, осы бірер аптада арнайы мақала жазам, сол «Қазақ әдебиетіне», ал өзің кешке қарай біздің үйге келіп, шай ішіп кет, дегені. Көңілім көтерілсе де, жүрексініп бардым, мана айтылмаған сөз, тиесілі сөгіс естуге дайын едім. Бірақ Мұхан бұл тарапта ләм-мим демеді, керісінше, дастарқан үстінде «Кірнесі қалмаған көңілден» деп, «Абай» романының бір кітабын жазып берді. Міне, деді Мәлік аға. – Әуелде Мұханның ренішіне қалып, артынан кешірімге жеткен жағдайым осындай еді...

Мәлік ағаның үйінің ауласына келіп тұр екенбіз. «Ал, жолың болсын, – деді қолымды алып. – Мәскеуде... Жазушылар үйінде не... ғылыми зерттеу емес шығар... Проза ғой...» «Иә, – дедім. – Бірақ бұл жолы дем алып, Ленин кітапханасындағы әлдебір ескілікті кітаптарды адақтасам деп едім...» Мәлік аға иығымнан қақты.

Дәп сол жылы неден шаршағаным есімде жоқ. Осы сөздерден кейін аз-маз ойланып отырдым. Иә, «Көк мұнардың» дауы. Жүйкем жұқарып, төңірегімнен түңілген бір мезет екен. Алаңсыз азғана тыным керек еді. Мәскеу пойызының купе вагонында екі орынды бірдей алғам, үш күн бойы ұйықтадым. Ертеңіне қалаға, Жазушылардың кітап дүкеніне барып шықтым. Ал мына шығармашылық жайдағы жұрттың бәрі қаурыт жұмыс үстінде. Кез келген есіктің ар жағынан тынымсыз тықылдаған мәшінке дыбысы естіледі. Дәп осы арада демалыстың орайы кем екен. Ес жиған тағы бір тәулік өтіп, 1 январь – жаңа жылдың алғашқы күні, кейінде «Архив хикаясы» аталған әңгімеге кірісіп едім. Төрт күнде тәмам болды. Енді тазалап көшіріп жатырмын. Міне, дәп осы кезде... таңертеңгі дәм үстінде, менімен дастарқандас татар ғалымы, профессор Хатиб Усмановтың аз-маз дағдарып барып айтқаны: «Малик Габдуллин офат болыпты», – деп. Менің санама бірден жетпеп еді. «Литературная газетадан» оқыдым деп нақтылады. Мен сонда да бұл оқыс хабарды толық түйсінбей, бей-жай қалыпта шайымды ішіп болып, бірден жазу столына емес, кітапханаға бардым. «Литературная газета», жаңа түскен соңғы саны. Айтқанындай... қаралы хабар. Арнайы некролог емес, ақпар және көңіл білдіру. Шынымен-ақ дүниеден өтіп кеткен екен. Қан майданның қызыл отынан аман қалған дарқан аға. Үлкен жүректі мейірбан жан. Атақты ғалым. Қайда жүрсе де қазақ абыройын көтерген, қайтпас қайраткер. Менің бастапқы қадамдарым, алмағайып кезеңде сүйемел жасаған, тұңғыықтан қол жалғаған аяулы ұстаз.

Біз соңғы рет көрісіп, ашық жүзбен есендескен тұманды, бұлыңғыр кештен соң, небәрі жеті күн өтіп, сегізінші күні бақиға аттаныпты. Дер шағы – елу жеті жасында...

Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ,
17.XI.2018.